

## Д. ИСАБЕКОВ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ИНТЕРБЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІ

Камелова Милена Саматқызы

[Mikonia1999@mail.ru](mailto:Mikonia1999@mail.ru)

Көптілді білім беру факультетінің 2-курс магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, ф.ғ.д., профессор - Әбдирұлы Б.

Білім беру саласының қазіргі заманғы талабы – оқушыны жеке тұлғаға бағыттау. Аталған міндеттерді іске асыру оқу мазмұнын жаңа әдіснамалық тұрғыдан қайта қарауды талап етеді. Бұл дегеніміз – білім жүйесінің «оқытудан» өмір бойы білім беру құндылығына негізделген қағидасына көшу. ХХІ ғасырдың оқытушысы – оқушыға белгілі бір тақырып аясында білгенімен бөлісіп қана қоймай, заманға сай тың ақпаратпен қамтылған, шығармашылық, сыни ойлау қабілеттерін дамытуға арналған, рухани-адамгершілік құндылықтарды дарытатын, жаңа технологиялармен дайындалған синкретті білім жобасын ұсынатын смарт тұлға. Осы орайда оқу үдерісінде интербелсенді әдістерді қолдану қажеттілігі зор маңызға ие.

«Интербелсенді әдіс» - педагогика саласына шамамен ХХ ғасырдың екінші жартысында ене бастады. Оның білім кеңістігінде пайда болуының бірнеше себептері бар. Біріншіден, ғалымдар интербелсенді әдістерді желінің (интернет) пайда болуымен түсіндіреді. Екіншіден, эволюциялық дамудың нәтижесінде ұрпақ сабақтастығының ақпарат қабылдау ерекшеліктері себеп болған. Үшіншіден, білім беру әдісінің кеңеюімен, яғни қашықтықтан оқыту, онлайн сабақ жүйесімен байланыстырады.

Отандық зерттеуші А. Әлімов интербелсенді әдістің пайда болуын антропологиялық тұрғыдан түсіндіреді. Оның зерттеуі бойынша, интербелсенді әдіс қоғам және адам құбылысының өзгерісіне және құндылықтар ауысымына байланысты пайда болды[1,94]. Мәселен, индустрия заманында экономикалық, әлеуметтік даму тұрақты, бірқалыпты болды. Кәсіп те көзге ілінер-ілінбес, адамдардың ойлауы, қызметі, тұрмысы бір ізге түскен, қайталанатын іс-әрекеттер етін. Сол себепті индустриалдық кезеңде білім беруде тұрақты, яғни үнемі мұғалім – сөйлеуші, оқушы – қабылдаушы позициясында болды.

Постиндустриалды кезеңде тұрақсыздық пайда болды. Динамикалық қозғалысқа негізделген қоғамда ақпарат көбейді, кәсіп саны еселеп артты, нарықтық экономикада өзгерістер әр секунд сайын байқалады. Осылардың барлығы адам мүддесі және оның қарым-қабілетімен өлшенді. Интербелсенді әдіс осындай адам және қоғамның үздіксіз дамуының негізінде пайда болды деген аналитикалық сараптауға біз толығымен келісеміз.

Интербелсенділік – жеке тұлғаның (жұптық, топтық) екінші бір тұлғамен ынтымақтастық қарым-қатынаста диалог құру, белгілі бір мақсатта жұмыла әрекет ету. Интербелсенді әдіс тұлғалардың осы іс-әрекеттеріне қарай сипатталады. Интербелсенді әдістің басқа әдістерден ерекшелігі – білімнің нәтижеге бағытталуы, яғни білім беру оқытушының ақпаратын қабылдау, есте сақтауы емес, оқушының әрекет арқылы үйренуі. Оқушылар мен оқытушы өз тәжірибелерімен, көзқарас, идеялармен бөлісіп, талқылап, талдап, бір-бірінің жаңаша білім алуына ықпал етеді.

Қазақ даласында білім беру жүйесі алғаш Ахмет Байтұрсынов еңбектерінен бастау алады. Тілші-ғалымның әдістеме саласында қосқан үлесі зор. А. Байтұрсыновтың қай еңбегін алып қарасақ та, оқуды оқушының сындарлы оқу дағдысына негіздеген. Қазіргі білім жүйесіне енген жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұны ағартушы ғалымның әдістемелік теорияларымен сәйкес келеді.

М. Жұмабаевтың «Педагогика» еңбегінде бүгінгі күнгі білім берудің парадигмалары айқын көрініс табады. Қазақ білім беру ісіндегі үздік шығармалардың бірі десек те, өрескел айтқанымыз емес. Автор аталмыш еңбегінде бала тәрбиесі арқылы күллі ұлт тәрбиесін

қозғайды: «Бала не үшін білім алуы қажет?»; «Баланы қалай оқытамыз?»; «Балаға қалай тәрбие береміз?». М. Жұмабаевтың бұл ойы «мазмұн-әдістеме-нәтиже» үштігіне біріккен «Нені оқытамыз?», «Қалай оқытамыз?», «Не үшін оқытамыз?» деп аталатын интербелсенді әдістің негізгі қағидаларымен сәйкес келеді. Өз заманында Конфуций де осы ойда болған: «Маған айтсаң – ұмытамын, көрсетсең – есте сақтаймын, өз қолыммен жасатсаң – үйренемін» [2,206].

«Ұстаз тәрбиеші баланың ойын жетектемесе, бала ұғымды, үкімді теріс жасауға, қате ой шығаруға үйреніп кетеді. Баланы, заттарды, көріністерді тап-тақа бөлгізіп үйреткенде, жеңілден ауырға көшуді естен шығармауы керек» [2,78] деген пікірі білім беру үдерісіндегі спиральді жүйенің (қарапайымнан күрделіге) ХХ ғасырда көтерілгенін аңғартады.

ХХ ғасырдағы ағартушы ғалымдардың пікірі баланың өмір қажеттілігіне сай білім беру идеясын көздейді. Ж. Аймауытовтың педагогикалық еңбектерін сараласақ, әдіскер ғалым көрнекі оқудың негізін деректен дерексізге бағыттайды. Әдіскер ғалым оқудың сапасы оқытушылардың біліктілігіне, кәсіби даярлығына, әдіс-тәсілдерді қолдануына байланысты деп есептейді және оларды жүзеге асырудың түрлі жолдарын көрсетеді: еркін әңгіме құру, жеке оқушылардың қабілет деңгейін ескеру, оқушылардың субъективті бағалауы, тәжірибеге сүйеніп білімді қорыту, т. б. [3,141].

Оқу үдерісіне интербелсенділік әдістің енуі білім мазмұнынан дәстүрлі оқыту түрін жаймен ығыстырды. Оған себеп – заманға сай білім форматының мазмұннан формаға қарай ойысуы, яғни оқушы меңгерген білімді келешекте өміріне қолдана білу қағидасы.

ҚР “Білім туралы” заңының 8-бабында “Білім беру жүйесінің басты міндеті - оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау” делінген.

Адамзат туылғаннан өзін қоршаған әлемді танып-білуге құмар болады. Тілі шыққан сәби күніне жүзден аса сұрақ қояды. Жасөспірім кезеңде бала сұрақ қою арқылы өзін және айналасын таниды. Ересектер ақылдасу, тыңдау, қорыту процестерін қолдана отырып кез келген мәселенің шешімін табады. Күнделікті тілдесімде адамдар «Неге?» сұрағы арқылы бір-бірімен коммуникативтік байланыс орнатып, діттеген мақсатына жетеді. Демек, сыни ойлау жас талғамайды. Сыни ойлау – барлық адамдарға тән психологиялық-философиялық құбылыс. Сыни ойлау технологиясын оқу үдерісінде жүзеге асыруға интербелсенді әдіс көмектеседі.

Интербелсенді әдіс дәстүрлі әдісті мүлде жоққа шығармайды. Дәстүрлі әдісті (пассив) дамытушы, заман, қоғам талабына сай қайта жасақтаушы деп түсінеміз. Интербелсенді әдіс оқу үдерісін өздігінен ұйымдастырылуына, оқушының өз бетінше әрекет етуіне, сондай-ақ ақпараттарды тез әрі тиімді қабылдауына әсер етеді.

Интербелсенді әдіс негізінде оқыту – оқу мен жазуды дамыта меңгерту; терең ойлау; сыни көзқарас қалыптастыру; ойды ашық білдіру; қиындықты қабылдау және оны шешу процесімен аяқталатын педагогикалық түсінік.

Интербелсенді әдістің мақсаты:

- Оқушылардың өз бетінше ізденіп, білім алуына бағыттау;
- Шығармашылық қабілетін дамыту;
- Қиындықтар мен кедергілерді өзі тауып, проблемаларды өз бетімен шешу дағдыларын қалыптастыру.
- Білімді өмірмен байланыстыра отырып, практикада қолдану;
- Ынтымақтастық қарым-қатынасты нығайта отырып, бірлесе жұмыс жасауға, түсінісуге, сәтті коммуникацияны құруға ықпал ету.

Қазіргі оқыту үдерісінде интербелсенді әдістер 5 технология негізінде жүзеге асырылуда: 1) даралап оқыту; 2) саралап оқыту; 3) модульдік оқыту; 4) дамыта оқыту; 5) ойын технологиясы арқылы оқыту.

Даралап оқыту технологиясының мақсаты – оқушылардың белгілі бір мақсат аясында

әрекет етуіне, ізденуіне, ойлануына ықпал жасау. Даралап оқыту технологиясы оқушылардың танымдық-логикалық қабілеттерін жақсартады.

Саралап оқыту технологиясының негізгі мақсаты – білімге әрекет ету. Оқытудың белсенді әдістерінде саралап оқытудың 12 түрлі әдісі берілген. Солардың ішінде кең таралғаны: тапсырма бойынша саралау; диалог негізінде саралау; оқушыға жеке қолдау білдіру арқылы саралау; сабақтағы темп (жылдамдық) бойынша саралау. Саралау сабақтың әр кезеңінде жүреді, бірақ оның сипаты анық білінбейді. Саралауды деңгейлеп тапсырмаларға бөлумен (жақсы оқытындар, нашар оқытындар) шатастырмау қажет. Саралап оқыту төмендегі жағдаяттарды теріске шығарады:

- деңгей бойынша оқушыларды бөлу;
- үздік оқушыларға үлгерімі төмен оқушылардың тапсырмасын тексерту;
- тапсырмаларды күрделі/оңай деп қарастыру.

Саралап оқыту технологиясы – оқушыларды жетістікке жетелейтін және білім алуға итермелейтін интербелсенді әдістердің бірегейі.

Модульдік оқыту технологиясы оқушыға берілетін білімді бірнеше модульдерге бөліп, кезең-кезеңімен меңгертеді. Алғашқы кезеңінде оқушылар тақырып аясында бұрынғы білімдерін еске түсіріп, бір-бірімен бөліседі. Екінші кезеңде проблема талданады, яғни оқушыларды ойландыратын, ізденетін сұрақтары қарастырылып, шешімін мұғаліммен бірлесе отырып табады. Үшінші кезеңде оқушылар тақырыпты тереңдетеді, білгендерін қолданады, шығармашылық тапсырма арқылы білімдерін дамытады.

Дамыта оқыту технологиясының негізін Л. В. Занков қалады. Дамыта оқыту технологиясы оқушының жеке қабілеттерін ескере отырып, оның шығармашылық, танымдық ой-өрісін дамытуды көздейді. Аталмыш технология негізінде оқушы өз бетімен ізденуге, әрекет етуге, нәтижені бағалауға талпынады. Мұнда оқытушы үйретуші ретінде емес, оқушының жеке зейінін, дарынын, қабілетін ашуға жұмыстанатын үлкен күш ретінде сипатталады.

Ойын технологиясы оқушыларға білімді оңай, әрі қызықты етіп қабылдауға мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар олардың білімге деген талпыныстарын арттырады. Ойын технологиясы бүгінгі күнгі зерттеуші педагогтер тарапынан білім берудің ең ұтымды тәсілі ретінде бағалануда.

Көркем шығарманы белсенді оқыту үш түрлі кезеңнен тұрады: қызығушылықты ояту, мағынаны тану, тақырып төңірегінде ой-толғаныс. Осы кезеңдерді саралай отырып аталмыш технологияның әдіс-тәсілдері мен стратегияларына тоқталып өтеміз.

Қызығушылықты ояту – оқытудың бастапқы кезеңі. Оқушы өзінде бар білімді қорыту арқылы жаңа білімді қабылдауға дайындалады. Жаңа сабақ турасында ұғымдармен, түсініктермен, көрген-білгендерімен бөліседі. Бұл кезеңнің мақсаты – оқушының оқуға деген ынтасын оятып, оны жігерлендіру. Оқушының қызығушылығын оятуға «Болжау», «Топтау», «Жұптау-талқылау», «Әңгімелесу», «Миға шабуыл» стратегиялары қызмет етеді. Оқытудың стратегияларын жүзеге асыруға әдіс-тәсілдер көмектеседі. Прозалық шығарманы мультимедиалық технология негізінде оқытуда «қызығушылықты ояту» кезеңін мына әдістермен басқаруға болады. Белгілі жазушы, драматург Д.Исабековтың шығармашылығы мектеп қабырғасында жіне жоғарғы оқу орындарында белсенді түрде оқытылады. Жазушы шығармашылығын әдістерді ұсынуда басшылыққа алғанды жөн көрдім.

«Ойлан-жұптас-бөліс» әдісі. Мұғалім интерактивті тақтадан Д.Исабековтің шығармасына немесе оның кейіпкеріне қатысты сурет көрсету арқылы оқушыларға идея тастайды: «Сурет арқылы бүгінгі сабақтың тақырыбын анықтаңыздар». Оқушылар әуелі миға шабуыл жасап өздері ойланады. Қасындағы жұбымен жеке-жеке ой бөліседі және сәтті ойлар тізбегін құрастырады. Соңғы қадам – жүйеленген ойларын сыныпта бөліседі. Мұғалім көмегімен немесе кері байланысымен тақырып анықталады.

«Үш қадамдық сұхбат» әдіс осыған ұқсас, тек айырмашылығы – оқушылар топқа бөлініп барып жұптасады, қайтадан күшті және әлсіз пікірлерді саралап, ой бөліседі.

Оқытушы прозалық шығарманы логикалық-танымдық тұрғыда игертуді басшылыққа алғаны маңызды. Мәселен, Д. Исабековтің «Ескерткішін» мұғалім бірден автор мен жаңа тақырыпты хабарлағаннан гөрі интерактивті тақтадан шығарма сюжетіне арқау болған оқиғаны таңбалайтын суреттер арқылы оқушыға ой салып, олардың өзі тапқаны оқытуды одан әрі қызықтыра, әрі жеделдете түседі.



1-сурет. «Ойлан-жұптас-бөліс» әдісінің тапсырмасы

«Стоп кадр» әдісі. Интернет желісінен, теледидар бағдарламаларынан көркем шығарма желісіне, авторына қатысты ақпараттық-танымдық бейнебаяннан үзінді көрсетіледі. Аталмыш әдісті сабақтың басында немесе білімді бекітерде қолданса болады. Кадр үзіндісі арқылы оқушы ақпаратты көру және есту арқылы қабылдайды. Бейнебаян бойынша оқушы пікірін білдіріп, дәлелдемелер ұсынып, өз бетінше ойды толықтырады. Бейнебаян бойынша оқушы пікірін білдіріп, дәлелдемелер ұсынып, өз бетінше ойды толықтырады. Мысалы, Д. Исабековтің «Әпке» драмасынан көпшілікке таныс, қызықты үзінді көрсетсек, оқушылардың кейбірі сабақ тақырыбын бірден айнытпай табады немесе оқушылардың басым бөлігі сол үзіндіден алған әсерінен сабақ тақырыбын білгенше асығады.

Мағынаны тану – базалық білімді қалыптастырушы кезең: оқушы жаңа тақырыппен танысады, түсінеді, тапсырмалар орындайды, қатемен жұмыс жасайды, сыныптастарымен, пән оқытушысымен кері байланыс орнатады. Бұл кезеңде «Топтасу», «Кластер», «Ой шақыру», «Концепциялық кесте толтыру», «Бағытталған оқу», «Пікірталас», «Түртiп алу» стратегиялары жүзеге асады. Стратегиялар негiзiнде төмендегi әдiс-тәсiлдер қолданылады.

«Джигсо» әдісі бір сағаттық сабақты толық қамтиды. Аталмыш әдісті интерактивті тақта немесе «Activ panel», «Wordwall» бағдарламалары арқылы жүзеге асыруға болады. Әдістің ерекшелігі – жеке, жұптық, топтық жұмыстарды қамтиды. Мұғалім оқушылардың қабілет-қарымына қарай бірнеше топтарға бөледі. Бірінші тапсырманы мұғалім таңдайды. Ол жұптық, топтық болуы мүмкін. Тапсырма орындалғаннан кейін әр топтан бір сарапшы тағайындалып, топтардың жұмыстарына талдау жүргізеді. Екінші тапсырманы топтар тағайындайды. Бір-біріне тапсырма беріп, оны орындауда алдыңғы қателерді қайталамау ескертіледі. Тапсырма топтар арасында ашық талқыланады. Қорытынды тапсырма ретінде жеке, жұптық тапсырма беріледі. Ол мұғалім көмегімен бағаланады. Бұл әдістің ерекшелігі барлық қадамдар сандық технология арқылы жүзеге асырылады. Мұғалімнің сабақты ұйымдастырылуына байланысты бірнеше ұяшықтар презентация ретінде немесе бейнебаяндар, дыбыстық құрылғылар арқылы жүзеге асады.

Жоғарыда көрсетілген әдістерге сай бірнеше тапсырмаларды ұсынамын.

«Қара шаңырақ» әңгімесі желісінде.

1-тапсырма. Шығармада психологиялық реңкті берудің тәсілдеріне назар аударыңыз. Диалог және монологтің кейіпкер психологиясын, сюжет шарықтауын қалыптастырудағы рөлін салыстырыңыз.

Диалог	Монолог

--	--

2-тапсырма. Жұбыңмен бірге кестені толтыр.

Кейіпкерлер	Оқулық бойынша мінездеме	Сіздің түсіндіруіңіз
Шөмішбай		
Есіркеп		
Зеркүд		
Салиха		

«Барлық факторларды ескеру (БФЕ)» әдісі бір сабақты жоспарлауға арналған. Әдіс шарты педагог білім алушыларды олардың санына қарай топқа бөледі және оларға видео немесе презентация арқылы ортақ бір факт/сұрақ/пікір тастайды. Оқушылар топ бойынша өз пікірлерін ұсынады. Жай ғана пікір білдіріп қоймайды, дәлелдемелерге, авторлардың негіздемесіне сүйене отырып, шындыққа жанасатын факт айтады. Ойлануға уақыт беріледі, әр топ өз фактілерімен бөліседі. Әр топ фактілерді артықшылықтары мен кемшіліктеріне анализ жасайды, қызықты тұжырымдарды ескере отырып қорытынды түйін шығарады. Фактілерді дәлелдеуде оқушылар түрлі диаграммалар, статистика мәліметтерін, фото, видео, презентация құрылғыларын қолдануға рұқсат беріледі.

БФЕ тапсырмасы. Д. Исабековтың «Пері мен періште» шығармасында Сафура отбасын сақтап қалу үшін барлық істеген істеріне өкініш білдіріп, Құлахметке Назекет екеуі қайта оралды. Құлахмет Сафураны қалай қабылдайды: 1) ол Сафураны кешіре алмайды; 2) қызы Назекет үшін бәріне барады; 3) пендешіліктің адам баласының бәріне тән екенін ескере отырып, отбасы берекесін сақтап қалады.

Білім беру жүйесі қарапайымнан күрделіге қарай бағыттталатынын алдыңғы бөлімдерде ескерттік. Тапсырмаларды дайындауда оқушының жас ерекшелігі, ойлау қабілеті, оқу жетістігінің деңгейі ескерілуі қажет. Біздің жоғарыда келтірілген тапсырмамыз 8-сынып оқушыларына арналады. Тапсырма оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілетін дамытып, тілдің әлеуметтік қызметін түсінуге үлесін қосады. БФЕ-нің оқушыларға арналған арнайы жауап қағазы болады.

Фактілер	Артықшылықтары	Кемшіліктері	Қызықты фактілер
1-факт			
2-факт			
3-факт			
<p>Барлық фактілерді ескере отырып, мынадай түйінмен қорытындылаймын:</p> <hr/> <hr/> <hr/>			

«Стоп кадр» әдісі. Интернет желісінен, теледидар бағдарламаларынан көркем шығарма желісіне, авторына қатысты ақпараттық-танымдық бейнебаяннан үзінді көрсетіледі. Аталмыш әдісті сабақтың басында немесе білімді бекітерде қолданса болады. Кадр үзіндісі арқылы оқушы ақпаратты көру және есту арқылы қабылдайды. Бейнебаян бойынша оқушы пікірін білдіріп, дәлелдемелер ұсынып, өз бетінше ойды толықтырады.

«Стоп кадр» әдісін сұрақ-жауап тәсілі ретінде ерекше форматта ұйымдастыруға болады. Қойылымға негізделген бірнеше сұрақтар құрастырылады, бейнебаянды кез келген сәтте тоқтатып, оқушыдан тиісті сұраққа жауап беру талап етіледі.

Д.Исабековтің «Әпке» шығармасы 4 академиялық сағатқа берілген. Шығарманың 3-сабағын драмалық қойылымды көруге арнап, соңғы сабақтарында салыстыру, білімді толықтыру, бекіту әдістерін қолдануға болады немесе презентацияның, мультимедиалық бағдарламалардың көмегімен интеллектуалды ойындарды ұйымдастыруға болады.

Салыстыру әдісі. Драмалық қойылымды көргеннен кейін оқушылар проза мен драма жанрын, мазмұнын салыстыруға мүмкіндік алады.

Белгілер	Проза	Драма
Кейіпкерлер		
Оқиғалар		
Уақыт пен кеңістік		

«Санадағы кинофильм» әдісі – қазіргі қоғамда жеке тұлғаны қалыптастыруда қолданысқа енген жаңа педагогикалық үлгі. Бұл әдіс барлық пәндерде жүзеге асырылуы тиіс. Бала естіген нәрсесін тез қабылдап, тез ұмытады, ал көргенін ұзақ жадта сақтайды. Әдісті жүзеге асыру үшін әуелі оқушы теориялық біліммен қамтамасыз етілуі керек. Кейін тәжірибеде оны көру керек. «Тәжірибе» дегенді анық түсіндіре кетейік.

Мұғалім Д. Исабековтің «Әпке» шығармасы туралы алдыңғы сабақта түсінік берді. Екінші сағатында мазмұны, кейіпкерлері бойынша талдайды. Үшінші сағатында мектептің акт залында немесе онлайн форматта оқушылармен бірге көруге болады. Одан кейінгі қорыту сабағында оқушыларға драма желісінде сценарий құрып, мультимедиалық құрылғыларды қолдана отырып, өз саналарындағы кинофильм түсіруге немесе қойылым қоюға тапсырма беруге болады. Бұл әдіс оқушылардың топтық қарым-қатынасын нығайтып, ынтымақтастықта жұмыс жасауына мол мүмкіндік береді.

Осылай жалғасқан бірнеше сағаттық драмалық шығарманы оқушылар өзекті мәселелерді шынайы өмірмен ұштастыра отырып, бейнебаян түсіреді немесе сандық технологиялар бірлігін, мүмкіндігін қолданып, сахналық қойылым көрсетеді.

Картамен жұмыс әдісі. Кез келген көркем шығарма уақыт пен кеңістікті құрайды. Кеңістікте сюжет өрбейді. Оқиғаның басынан аяғына дейін кеңістік болады. «Ай-Петридағы ақиқат» шығармасына оқиғаның орын алу кеңістігі негіз болған. Картамен жұмыс әдісі әдебиетті география пәнімен байланыстыра отыра, шығарма желісінің нақты қайда белең алғанын байқауға, көз жеткізуге мүмкіндік береді.



Ай-Петри орналасқан кескін карта

Ай-Петри Қырымда орналасқан демалыс аймағы. Шығарманы оқытуда оның басы тақырыптың түсіндірілуімен, оқушының көз алдына елестетуімен байланысты. Осы орайда айта кететін жайт, интерактивті технологияның білім беру үдерісіне енудің тағы да бір алғышарты – оқушының қарым-қабілетін, деңгейін, жас шамасын ескере отырып, көпкешенді білім беру. Бұл дегеніміз – әр оқушы ақпаратты әртүрлі қабылдайды, түрлі жолдармен білім алады. Соған сай оқытушының да әдіс-тәсілдері мықты болу қажет. Білім алушыны ақпаратты қабылдауына байланысты педагогтік психология ғылымында үшке бөліп қарастырамыз:

- 1) Есту (аудиал) арқылы;

- 2) Көру (визуал) арқылы;
- 3) Сезіну (кинестика) арқылы.

Осыған сәйкес жаңартылған білім мазмұнында оқытушыға пәнді игертуде 4 түрлі дағды ойлап табылды: тыңдалым; айтылым; оқылым; жазылым. Сондықтан да шығарманы өтпес бұрын «Ай-Петри» сөзінің шығарма тақырыбына қолданылу себебін түсіндіріп, картада орнын көрсеткен дұрыс.

Бұл кезеңде көркем шығарма бойынша оқушылар шығармашылық тапсырма орындағаны маңыздырақ. Өйткені көркем шығарма оқушының ішкі жан дүниесіне эстетикалық тәрбие, талғам қалыптастырады. Шығармашылық тапсырма орындаудың өзіндік тәртібі бар. Егер мақсат оқушының жеке ізденісі мен көзқарасын білу болса, жеке жұмыс, коммуникациядағы іс-әрекетін байқау болса, жұптық тапсырма, күрделі тапсырманы топпен байланыс жасау арқылы өз пікірін ашық білдіретін және өзгенің пікірін тыңдай алатын тұлға ретінде бағыттау болса топтық жұмыс беріледі.

«Мағынаны тану» кезеңі мұғалімнің мақсаты мен сабақ жүргізу шеберлігіне байланысты әрқилы жүреді. Бірақ сыни тұрғыдан білім беруде басты ескерілетін шарт – сабақ әдісін жаңа технологиялармен, соның ішінде сандық ресурстармен толықтыру, түрлендіру. Қандай сабақ үлгісі болсын оны алдын ала дайындықпен жүзеге асыру маңызды. Көркем шығарма бірнеше сағатқа беріледі. Әр сабақ кезеңінің өзіндік мақсаты болады: ақпараттық, танымдық, шығармашылық, бағалау, т.б. Осыған сәйкес мұғалім де интерактивті тақтаны пайдаланып түрлі зияткерлік, танымдық, логикалық ойындарды құруына болады. Және ол ойындарды құратын арнайы бағдарламалар да бар.

Ой-толғаныс кезеңінде сабақ барысында қарастырылған барлық тұжырымдамалар ой елегінен өткізіліп, қорытылады. Жаңа сабақты бекіту үшін оқушылар өзінің және өзгелердің пікіріне сыни тұрғыдан қарап, баға береді. Бұл кезеңде «Блум таксономиясы», «Еркін жазу», «Семантикалық карта», РАФТ стратегиялары орындалады. Аталған стратегиялар бірнеше әдістер арқылы орындалады. Барлық әдістердің басын құрағандағы басты мақсат – оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуында ішкі «менін» қалыптастыру, өзіне деген сенімді, өзгелерге деген құрметті арттыру, эмоциялардың айқын көрініс беруіне мүмкіндік жасау.

Көркем шығарманы игертуде интерактивті технологияның маңызы зор. Тек соны әдебиет сабағында жетілдіре түсу қажет. Әлі де болсын әдебиет сабағына тиісті заманауи жаңа үлгідегі әдістер жеткіліксіз. Дегенмен сабақты сәтті ұйымдастыруда көмекші сандық ресурстар күн санап артып келеді.

Ой толғаныс кезеңінде оқушы сабақ барысында айтылған ақпараттарды қорытады, яғни нені анық түсінді, нені түсінбеді секілді сұрақтар сарынында оқытушы құрастырған сұрақтарға электронды түрде жеткізуге болады.

Аталмыш кезеңде көбіне оқушы көркем шығармаға баға береді. Көркем шығармаға негізделген баға берудің тәсілдері өте көп: жеке авторға және ол өмір сүрген дәуірге; кейіпкерлерге және олардың іс-әрекетіне; автордың жеке тілдік стиліне; көтерілген мәселелерге; ұқсас шығармалардан ерекшелігіне баға беруге болады. Баға беру үдерісі ауызша және жазбаша түрде жүзеге асырылуы мүмкін. Баға берудің формалары да жетерлік. Соның ішінде оқушыларға ең көп таралған, тиімді әдіс – эссе арқылы баға беру. Сонымен қатар ой – толғаныс кезеңінде оқушылардың өз бетінше орындаған кез келген шығармашылық жұмыстары қабылданады және бағаланады.

Интербелсенді әдіс негізінде оқытудың дәстүрлі оқытудағы әдіс-тәсілдерден ерекшелігі – білімді дайын күйінде қолданбау, яғни аталмыш технология оқушылардың өз бетінше ізденуіне, жеке және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, заманауи дағдыларды қалыптастыруға, өзгелердің пікірін тыңдауға, өз ойын ашық айтуға, мәселелерді анықтап, қиындықты жеңуге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану: Оқу құралы: Алматы, 2009.
2. Жұмабаев М. Педагогика: Алматы, 1992.
3. Аймауытов Ж. Психология: Рауан. Алматы, 1995.
4. Исабаев Ә. Қазақ тілін оқыту методикасы: Ташкент, 2003.
5. Жаманқұл П. Қ., Муфтибекова З., Орынбаева Н. Н. Оқулықтағы көркем шығармаларды оқытудың әдіс-тәсілдері. 2010.-13 б.